

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

29 сәуір 2016 жыл

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) бастамасымен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, 2016 жылдың 28 сәуірінде Орал қаласында қор нарығы сарапшылары аймақтық компанияның басшылары және меншік иелерімен кездесу өткізді.

Кездесудің мақсаты – Қазақстан қор биржасына қаржы тарту әдісі бойынша компанияны әрі қарай дамыту мақсатында шағын және орта бизнеске кеңес беру болып табылады.

Республика аймақтарында белгілі бір жетістіктерге жеткен, табысқа қол жеткізген компаниялардың саны баршылық. Алайда, жаңа даму кезеңіне көтеріліп, жаңарту жобаларын жүзеге асыруда қосымша қаражат қажет. Ол үшін бизнес иелері банкке жүгініп әдеттеніп қалған. Бір жағынан, дәл қазіргі уақытта инвесторлар жаңа перспективалық инвестициялау нысандарына қажеттілікті сезінуде, оның ішінде, жеке инвесторларды қоса алғанда, экономиканың нақты секторында, инвесторлардың арасында кеңінен танымал бизнеске қажеттілік туындап отыр.

Кездесу барысында KASE, сондай – АҚ "Фридом Финанс" и Ernst & Young Kazakhstan LLP өкілдері батыс қазақстандық бизнесмендерге қор биржасына орналастыру арқылы қаржыландыру көздерін ашатын балама қаржыландыру жолдары туралы әңгімелеп берді. Қазақстан қор биржасына инвестиция тартудағы артықшылықтардың бірі – қысқа мерзім ішінде қажетті көлемде ғана емес, салыстырмалы түрде арзан капитал алу мүмкіндігі болып отыр. Қор нарығына шығу дегеніміз – серіктестер мен клиенттері үшін тартымды имидж қалыптастыра отырып, компанияның беделін көтеру болып табылады, өйткені биржадағы листинг бизнестің тиімділігі мен айқындылығын көрсетеді, сондай-ақ әлеуетті серіктестер мен инвесторлар компанияның қаржылық ақпараттарына және нарықтық құнын бағалау қорытындысына еркін қол жеткізе алатын болады. Сонымен қатар, KASE листингінен өту айтарлықтай қиын процесс емес.

"KASE өз тарапынан жаңа эмитенттерге жан-жақты қолдау көрсетуге, яғни бастапқы кезеңде кеңес беруден бастап, листингке өткізуге әзірлеу барысында, сондай-ақ ашық нарықта бағалы қағаздар айналыста болу кезеңінде ақпараттық қолдау көрсетуге дейін әзір. Біз биржада компанияның KASE мүшелерін және басқа да листингілік ұйымдарды шақыра отырып, презентациясын жасаймыз, БАҚ үшін компания өкілдері мен оның қаржылық кеңесшілерінің қатысуымен брифинг өткізуді ұйымдастырамыз. Сонымен қатар, биржаның веб-сайтында эмитент туралы ақпарат орналастыру, арнайы мамандандырылған сауда-саттық жөнінде жаңалық беру, сондай-ақ биржада "Компания» күнін" өткізу сияқты жұмыстарды атқарамыз", – деп атап өтті "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Андрей Юрьевич Цалюк.

Ағымдағы жылы KASE қор нарығында және республиканың басқа аймақтарында капитал тарту мәселелері бойынша шағын және орта бизнеске кеңес беруді жалғастыруды жоспарлап отыр.

####

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет ететін Орта Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және Қазақстандағы жалғыз биржа болып табылады. Ол репо нарығы құралдарымен, шет елдік валютамен, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздармен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен, сондай-ақ туынды құралдарымен сауда-саттық жүргізетін әмбебап сауда алаңы болып табылады.

KASE Халықаралық биржа федерациясы (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясы (FEAS), сондай-ақ халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы Қазақстан қор биржасы Біріккен Ұлттар Ұйымының "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпаратты +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz алуға болады.